

«Болашақ бүгіннен басталады» шығармашылық жұмыстардың республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері мен педагогтері арасында қашықтықтан өткізілетін халықаралық студенттер күніне арналған **«Болашақ бүгіннен басталады»** республикалық интернет-байқауының (бұдан әрі - Байқау) ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: педагогтер мен студенттердің интеллектуалды-шығармашылық қабілеттерін дамыту, кәсіби білімге қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

кәсіптік білімге, болашақ мамандарды сапалы дайындауға қызығушылығын арттыру;

өз ісіне деген сүйіспеншілігін, жауапкершілігін қалыптастыру;

колледж дәстүрлерін құрметтеуді, өзінің білім беретін оқу ордасына деген мақтанышын тәрбиелеу.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі мен тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2016 жылы 18 қазаннан 25 қарашаға дейін** konkurs.16@mail.ru электронды поштасына қабылданады.

2016 жылғы 25 қарашадан кейін келіп түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2016 жылғы 3 желтоқсанда** www.ziyatker.org сайтында орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы. Қатысушыларға сараптамалық қорытынды және пікірлер берілмейді.

7. Байқауға қатысу үшін төлемақы төленеді:

білім алушылар - **1500 (бір мың бес жүз)** теңге;

педагогтер - **3000 (үш мың)** теңге.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733
ИИК KZ918560000005068448
БИК КСJBKZKX
Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит»

Төлемақының аталуы: «**Болашақ бүгіннен басталады**» байқауы.

Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөнін, тегін міндетті түрде көрсету керек.

Байқауға қатысу үшін konkurs.16@mail.ru электронды поштасына келесі құжаттарды міндетті түрде жіберу қажет:

- 1) сканерден өткізілген төлемақы түбіртегі немесе төлем тапсырмасы;
- 2) электронды түрде байқау жұмысы.

3. Байқау талаптары

8. Байқауға:

- 1) техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері;
- 2) педагог қызметкерлері қатыса алады.

9. Байқау келесі номинациялар бойынша жүргізіледі:

1. «Бүгін мен қазіргі» номинациясы (шығармашылық жобалар байқауы) келесі тақырыптар бойынша:

- 1) **«Менің мамандығым-менің болашағым»;**
- 2) **«Жастарға кәсіби бағдар беру»;**
- 3) **«Туған қалама - қамқорлық»;**
- 4) **«Мен – Қазақстан азаматымын».**

Байқауға бір немесе екі қатысушының бірігіп жасаған жеке және шығармашылық жобалары қабылданады.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

- 1) тақырыпқа және байқау номинациясына сәйкестігі;
- 2) шешілетін мәселенің өзектілігі және жобаның маңыздылығы;
- 3) жобаның барлық міндеттері бойынша жоспардың болуы;
- 4) жобаны іске асыруға қажетті жағдайларды сипаттауы (тұлғалық, материалдық-техникалық, ақпараттық);
- 5) мәселені шешудегі жаңашылдық тәсілдері;
- 6) жобалауда заманауи жаңашыл технологияларды, түрлерді және әдістерді қолдануы;
- 7) болжамдық нәтижелерді сипаттауы;
- 8) зерттеудің жаңашылдығы, жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы, автордың жеке үлесі;
- 9) жұмыстың рәсімделуі.

2. «Әдеби сайыс» номинациясы.

Келесі тақырыптар бойынша пайымдау - шығармалар және эссе қабылданады:

- 1) **«Педагог пен студент: қарым-қатынас тарихы»;**

2) *«Егер еңбекті дұрыс таңдап, оған бүкіл жан дүниеңізді салсаңыз, онда...»*

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

Барлық жұмыстар 14 шрифтпен 1 интервал арқылы (MS Word), жалпы көлемі 3-5 бетке дейін болу тиіс. Құжат doc, docx форматында болу керек. Jpg форматындағы фотосуреттерді қолдану рұқсат етіледі.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және байқау номинациясына сәйкестігі;

тақырыптың терең ашылуы;

автордың тақырыпты ашуға қосқан үлесі: жаңа тәсілдері, өз пікірлері мен тұжырымдары;

баяндау формасы, стилі;

материалды ұсыну сонылығы;

сауаттылығы.

3. «Презентация» номинациясы.

Колледж, кәсіптік білім беру туралы кез келген тақырыпқа слайдтық презентациялар қабылданады.

Слайдты ресімдеу:

Слайд стилі (бірыңғай стильмен ресімдеу);

Фон (фон үшін суық түстерді пайдаланыңыз);

Түстерді пайдалану (бір слайдта 3 түстен артық түс қолданылмауға кеңес беріледі: бірі фонға, бірі – тақырып үшін, бірі – мәтінді жазу үшін).

Анимациялық эффектілер (слайдта ақпарат беру үшін мейлінше компьютерлік анимациялық мүмкіндіктерді пайдаланыңыз).

Мәліметті беру:

Қысқа сөздер мен сөйлемдерді қолданыңыз.

Қаріп (тақырып үшін -24 тен кем емес, ақпарат үшін -18 ден кем емес).

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және номинациясына сәйкестігі;

мазмұндылығы және ерекшелігі;

сауаттылығы.

4. «Заманауи колледж: кәсібилік, жүйелілік, сапа» номинациясы.

Заманауи кәсіптік білім берудің құндылығы және мәні жайлы оқытушылардың өз тәжірибесінің негізінде жазылған келесі тақырыптар бойынша жұмыстар қабылданады:

1) **«Кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үлгісі»;**

2) **«Әлеуметтік серіктестік педагогикалық үдерісті белсендірудің**

факторы ретінде»;

3) **«Студенттердің шығармашылық дербестігін қалыптастыру»;**

4) **«Қосарлы білім беру арқылы жаңашылдықтың дамуы»;**

5) **«Педагогикалық шеберліктің қоймасы»** (студенттермен

қосымша жұмысқа арналған авторлық бағдарламалар, арнайы пәндер бойынша теориялық және тәжірибелік сабақтардың әдістемелік жоспарлары,

мамандықпен байланысты студенттердің үздік шығармашылық жұмыстары және т.с.с.).

Жұмысты ресімдеуге қойылатын талаптар:

Барлық жұмыстар 14 шрифтпен 1 интервал арқылы (MS Word), жалпы көлемі 3-5 бетке дейін болу тиіс. Құжат doc, docx форматында болу керек. Jpg форматындағы фотосуреттерді, диаграммаларды, кестелерді қолдануға рұқсат етіледі.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

тақырыпқа және номинациясына сәйкестігі;
жаңашылдығы, жасампаздығы;
мазмұндылығы, тәрбиелік бағыттылығы;
жаңашыл технологияны қолданылуының өзектілігі;
сауаттылығы.

10. Қатысушы сайыста бір немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға қатысушыдан бір жұмыс қана қабылданады. Төлемақы әр номинацияға жеке төленеді.

11. Сайыстық жұмыстың негізгі бетінде **міндетті түрде** көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;
білім беру ұйымының атауы;
сайыстың, номинацияның атауы;
автордың аты-жөні;
қатысушының жасы;
жетекшінің аты-жөні;
жетекшінің лауазымы және қызметі;
e-mail және байланыс деректері.

12. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау

13. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

14. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8(7172)24-93-12, Людмила Васильевна.

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org
→ Республикалық іс-шаралар → «Болашақ бүгіннен баталады»
байқауы → жалғасы.